

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ



ПРАВИТЕЛЬСТВО
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары

2026 жылғы 15 мамырдағы
№ ДС- 151

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі ымдау тілін дамыту және оны заңнамалық деңгейде тану мәселесі бойынша сауалдарыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерін тарта отырып, әлемдегі ым-ишара тілдерінің ресми бекітілуіне (мойындалуына) қатысты халықаралық тәжірибе зерделенді. Бірқатар елдерде (*Германия, Ресей, АҚШ, БАӘ, Қытай, Түркия және т.б.*) бұл норма мүгедектігі бар адамдардың тең құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты қарастырылады. Кейбір елдерде (*Болгария, Жапония, Испания, Корея, Словакия және т.б.*) ым-ишара тілін дамытуға арналған жеке нормативтік құқықтық актілер қабылданған. Ал басқа мемлекеттерде (*Португалия, Хорватия, Швеция, Эстония және т.б.*) аталған мәселе салалық нормативтік құқықтық актілер арқылы реттеледі.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар үшін әлеуметтік қорғау шаралары, әлеуметтік оңалту, арнаулы әлеуметтік қызметтер, сурдоаударма қызметтері, инклюзивті білім беру және қолжетімді қамтамасыз ету тетіктері көзделген.

Анықтама: ҚР-ның Әлеуметтік кодексі; «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Білім туралы», «Масс-медиа туралы» ҚР заңдары; Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы; ҚР Премьер-Министрінің орынбасары–Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің № 286 бұйрығы, ҚР Денсаулық сақтау министрінің ДСМ-306/2020 бұйрығы, ҚР Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының № 259 бұйрығы және т.б.

Ұлттық білім беру деректер базасының мәліметіне сәйкес ағымдағы жылдың басында елімізде ерекше білім беруді қажет ететін 237 мың бала тіркелген. Оның ішінде есту қабілеті бұзылған балалар саны – 4576 (*естімейтіндер – 851, нашар еститіндер – 3825, естімейтін балалар 22 арнайы мектепте және 3 арнайы балабақшада білім алады*).

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы қазақ және орыс тілдерінде «е-Ымдау» электрондық бейнесөздігін, әдістемелік ұсынымдарды әзірледі. Электрондық бейнесөздікке

арналған e-Ymdau мобильді қосымшасы визуалды-көрнекі базаны кең әрі ыңғайлы пайдалануға мүмкіндік береді.

Дактильдік әліпбиді оқыту есту қабілеті бұзылған балаларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларында «Әліппе» және «Сауат ашу» пәндері аясында қарастырылған.

Жоғары білім беру саласында «Арнайы педагогика мамандарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды 17 жоғары оқу орны дайындайды. Білім алушылар контингенті 5424 адамды құрайды, оның ішінде 2087 студент мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқиды.

Арнайы педагогтерді даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс жыл сайын ұлғайтылуда. Мысалы: 2023 – 2024 оқу жылында 477 грант, 2024 – 2025 оқу жылында 656 грант, 2025 – 2026 оқу жылына 840 грант бөлінді.

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламаларының тізілімінде «Арнайы педагогика» бағыты бойынша 62 білім беру бағдарламасы тіркелген.

Сурдопедагогика бойынша 3 жоғары оқу орны кадрларды даярлайды («Сурдопедагогика» және «Сурдопедагогика негіздері мен олигофренопедагогика» білім беру бағдарламалары бойынша). Қазіргі күні онда 360 адам білім алуда.

Анықтама: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогика университеті және М. Дулати атындағы Тараз университеті.

«Сурдопедагогика» мамандығы бойынша мынадай құзыреттер меңгеріледі: есту қабілеті бұзылған тұлғалардың психикалық даму ерекшеліктерін және олардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізу; балалардағы есту бұзылысының түрін анықтауға бағытталған дифференциалды диагностика әдістерін қолдану; есту қабілеті бұзылған балаларға, олардың ата-аналары мен педагогтеріне оқыту, дамыту, өмірлік бағдар және кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша консультация беру; білім беру ұйымдары мен отбасында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған психопрофилактикалық жұмыстар жүргізу; нашар еститін балаларды тәрбиелеу әдістемелерін пайдалану және т.б.

2025 жылы арнайы педагогика саласында академиялық дәрежесі бар және олигофренопедагогика, сурдопедагогика, тифлопедагогика, логопедия бағыттары бойынша педагог кадрларды қайта даярлауға бағытталған педагогикалық қайта даярлау қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Анықтама: С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде сурдопедагогтерге арналған «Сурдопедагогика», «Дактилология және ымдау тілі негіздері», «Есту қабылдауын дамыту және дыбыстауды қалыптастыру практикумы» және т.б. пәндері қарастырылған.

Қазіргі күні 107 жоғары оқу орны 200-ден астам жасанды интеллект агентін (студенттің ЖИ-ассистенті, ЖИ-кітапханашы, талапкерлерге арналған ЖИ-ассистент, мансап және кәсіптік бағдар бойынша ЖИ-ментор, электрондық сурдоаудармашы және т.б.) әзірледі. Олардың қатарында мүмкіндігі шектеулі адамдарды қолдауға арналған қосымшалар инклюзивті қоғам құруға ықпал етуде.

Анықтама: Семей медицина университеті ЖИ негізінде саңырау-мылқау адамдарға арналған мобильді қосымша әзірлесе, Астана медицина университеті Visual Mind платформасын жасады.

Есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ортаның, оның ішінде цифрлық сервистердің қолжетімділігін жақсарту бойынша шаралар қабылдануда.

Анықтама: *Enbek.kz* порталында, Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында және Байланыс орталығында жиі қойылатын сұрақтарға жауап беруді қамтамасыз ететін интеллектуалды чат-бот енгізілді. Чат-боттың функционалы мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін де ескере отырып әзірленген.

Инклюзивті мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында ымдау тілін үйрететін ЖИ агенті әзірленуде. Қазақ тілінде білім беру контенті жасалып, кейіннен басқа тілдерге тарату және *skills.enbek* платформасына интеграциялау жоспарлануда.

«Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау» ақпараттық порталында (*inva.gov.kz*) «Қолжетімділіктің интерактивті картасы» енгізілді. Онда есту қабілеті бұзылған адамдар үшін қолжетімді 20 мыңнан астам нысан қамтылған.

Сонымен қатар мүгедектігі бар адамдарға арналған контент көлемін кеңейтудің перспективалық бағыты ретінде операциялық шығындарды айтарлықтай төмендету пысықталып жатыр. Соның есебінен қолжетімді контент ауқымын ұлғайтуға мүмкіндік беретін жасанды интеллект технологияларын енгізу көзделуде.

Есту қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілі маманы көрсететін қызметтердің лимитін қайта қарау және көлемін ұлғайту қосымша қаражатты талап етеді.

Анықтама: *ҚР Үкіметінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі № 792 қаулысымен 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін әлеуметтік саладағы жаңа бастамаларға республикалық және жергілікті бюджеттерден қосымша қаражат бөлуге мораторий енгізілген.*

«Хабар» агенттігі» АҚ мен *Satbayev University* бірлесіп жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы сурдоаударма жүйесін енгізу жобасын пысықтауда.

Аталған жоба сәтті пысықталған жағдайда, жасанды интеллект-аватарды пайдалана отырып, кейбір теледидарлық бағдарламаларды іске қосу мәселесі қарастырылатын болады.

Бұған қоса, маңызды мәселелер Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында қамтылған.

Сонымен қатар бірқатар шаралар Жасанды интеллектіні дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көзделген.

Жүзеге асырылып жатқан шаралардың барлығы Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келеді.

Бұл бағыттағы жұмыс мемлекеттік органдар мен Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

О. Бектенов